

Антонимдер басқа сөз таптарынан да жасалған: аз – көп, бар – йок т. б.

Азығ үкүс қылты – Азды көп қылды. Бұл келтірілген антонимдердің барлығына дерлігі қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

Сөздік қазынасының негізі сақталып келгенімен, ондаған сөздердің бұл күнде, мысалы, қазақ тілінде қолданылмайтындығын білеміз. Дегенмен, қай түркі тілі болмасын өзінің бүгінгі лексикалық қазынасында көп сөздерді ішінара сақтап қалғандығы да байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік барым сөзі, «шақыру» мағынасындағы оқу, «сөйлеу» мағынасындағы саб /сөз саптау, сөз сөйлеу/, «кедей» мағынасындағы шығай /Шықбермес Шығайбай / деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдердің аталуында сақталған. Осы сияқты «өзен» ұғымындағы «үгіз» сөзі топоним құрамында кездеседі. Бірқатар көне түркі тұлғалары бұл күндегі меонастық / бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданылуы / тіркестерде сақталғанын көреміз. Мысалы, ел-күн, жылап- сықтау деген қос сөздердің екінші сынарының бірі күн көне түрлі жазбаларында «ел, жұрт» мағынасындағы сықтау – «жылау» мағынасындағы сөздер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенова А. Қазіргі қазақ туынды түбір етістіктер. – Алматы, 1959.
2. Изысканный дар тюрскому языку. – Ташкент, 1978. – 57 б.
3. Отар Әлі Бүркіт. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003.
4. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989.
5. Арынов Т. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981. 168-169-бб.

Оспанова Назым Батырбекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші:

*Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы,
ф.ғ.к. профессор*

ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Мақалада экспрессивтік стилистиканың негізгі ұғымдары қатарында экспрессия, экспрессивтілік түсініктері әлемдік тіл білімі ғылымында көптен бері ғалымдардың назарын ерекше аударып, тереңнен зерттелуі қарастырылған.

Тірек сөздер: экспрессивтік, синоним, метафора, метонимия, транспозиция, коннотация, афоризм.

Экспрессивтік стилистиканың негізгі ұғымдары қатарында экспрессия, экспрессивтілік түсініктері әлемдік тіл білімі ғылымында көптен бері ғалымдардың назарын ерекше аударып, тереңнен зерттеліп келеді. Тіл туралы ғылым бұл құбылыстың тілдің әртүрлі деңгейінде жүргізілетін зерттеулерге арналған көптеген жұмыстарды жинақтайды.

Көптеген ғылыми еңбектердің авторлары экспрессия және экспрессивтілік терминін тек синоним түрінде ғана емес, сонымен бірге өзара алмаса алатын лексикалық дублет түрінде де қарастырады. Бұл А.П.Горбунова, Ю.Д.Каражаева, А.Д.Кулова, И.И.Туранский, Л.М.Васильев және басқа ғалымдардың зерттеулерінде айтылады. Н.А.Лукьянова, В.Н.Цоллер, В.Н.Гридиннің еңбектерінде бұл ұғымдар өзара тең емес, екі түрлі ұғымдар ретінде анықталады.. Тілдің лексикалық бірлігінің экспрессивтік қасиетін зерттеген Н.А.Лукьянова осы екі түсініктің ерекшеленуін былайша түсіндіреді: «экспрессивтілік

экспрессия түсінігіне негізделеді. Бірақ «экспрессия объективтік шынайылық деңгейіне жатады. Экспрессия сөзінің өзі тілден тыс нәрсені білдіретін болса, «экспрессивтілік» тілдік... бірліктің кейбір қасиеттерін көрсететін лингвистикалық термин». Ғалымның ойынша, «объективтік экспрессияға» іс-әрекеттің қарқындылығы, күйі, белгісі, бет-әлпеттің, заттың, құбылыстың «сандық-сапалық» сипаттамасы жатады, экспрессивтілік – тілдік бірліктің әлеуеттік мүмкіндігі, іс-әрекеттің, құбылыстың, заттың, белгінің сипатын, оның сандық-сапалық қасиетін білдіреді [3]. В.Н.Цоллер [1] экспрессияны функционалды, прагматикалық категорияға және сөз деңгейіне жатқызады, ал экспрессивтілік тіл деңгейіне жататын семантикалық категория дейді. Осындай шектеуді О.С.Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінен» көруге болады: «Экспрессивтілік – экспрессияның барлығы... Экспрессия – кәдімгі тілден ерекшелендіріп тұратын және оған өзіндік үлгі мен эмоционалды бояу беріп тұратын сөздің айқын көркемдік қасиеті» [1]. Тілтанудың энциклопедиялық сөздігінде бұл категория төмендегідей жүйеленген: «Экспрессивтілік – тіл бірлігі белгілерінің семантико-стилистикалық жиынтығы, ол тілді коммуникативті актіде сөйлеушінің сөз мазмұнына немесе сөз адресатына қатысты субъективті айқындылығының құралы ретіндегі қасиетімен айқындалады. Тілдің экспрессивті құралын, бірлестігін және өзара қарым-қатынасын белсендендіру нәтижесінде сөз сөйлеушінің психикалық күйін айқын көрсетуге қабілеттендіретін экспрессияға ие болады [4].

Экспрессема, экспрессив, экспрессоид, экспрессеmoid. Басқа кез келген тіл категориясы сияқты экспрессивтілік әртүрлі авторлар «экспрессема», «экспрессив», «экспрессоид» / «экспрессеmoid» деп әртүрлі атаған сөз қызметінің нәтижесін өзіндік білдіру құралдары бар. Бейнелеу құралдарының аса бай қорын тілдің лексикалық деңгейі құрайды. Бұл – одағай, антонимдік жұптар; морфологиялық туындылар негізінде пайда болатын экспрессивтілік. Экспрессивтілікті жасауға синонимдік қатарлар көмектеседі. И.В.Арнольд компоненттердің ерекше валенттілігінен құралатын лексикалық экспрессивтілікті бөліп қарайды: қысқарған сөздер, лексикалық қайталау; күрделі жеке авторлық сөздер [2].

Морфологиялық тәсілден басқа, сөз мағынасын алмастыруға негізделген семантикалық тәсілдер де бар: метафора, метонимия, т.б. Экспрессивтілік идиомаға, афоризмге, мақал-мәтелге, т.б. фразеологиялық бірліктерге тән. Сөз айтылымның айқындылығын арттыру функциясын атқаратын фразеологиялық синонимдер ерекше экспрессивтілікке ие. Ол экспрессивтілік синтаксис құбылысына да тән, оған лингвистикада ХХ ғасырдың ортасында пайда болған «экспрессивті синтаксис» түсінігі куә бола алады.

Қазақ тіл білімінде экспрессивтілік пен бағалаудың айырмашылығы мазмұн межемен байланыста қарастырылады. Экспрессивтілік – лингвистикалық универсалийлердің бірі болып табылады. Экспрессивтілік – табиғаты бойынша функционалды және нақты бір коммуникативтік мақсатқа бағдарланған, таңбалық мәннің динамикалық жүйесі ретінде сөйлеудің (мәтіннің) фундаментальды имманентті қасиеті болып табылады. Сонымен, экспрессивтілік – бейнелеу, бағалау тілдік құралдардың айқындығымен ерекшеленіп, сөйлеушінің белсенді сезім-күй әрекеттері арқылы ойды әсірелеп, көркемдеп жеткізуде сөз өрнектерінің ұтымды қолданылуы деп тұжырымдай аламыз. Ал экспрессивтік стилистика аталған экспрессивтік ерекшеліктердің тілде жүзеге асу тетіктерін зерттейтін қазақ тілі стилистикасының маңызды саласы болып табылады.

Экспрессивтілік құбылысы транспозициямен тығыз байланысты қарастырылады. Транспозиция сөздің стилистикалық бедерін жасауда ерекше қызмет атқарады. Сөзге стилистикалық мәнділік беру мақсатында бір тілдік бірліктің орнына екіншісін парадигматикалық межеге сәйкес қолдану – транспозицияның стилистикалық мүмкіндігі деп аталады. Транспозиция, бір жағынан, айтылымды әртүрлі және бай синонимдік құралдармен қамтамасыз етеді, екінші жағынан, сөздің экспрессивтілігін көтеретін фактор болып саналады. Сөйтіп, бұл құбылыс функционалдық жағынан стилистиканың екі категориясымен – синонимия және экспрессиямен тығыз байланысты.

Транспозиция тілдік жүйедегі тілдік бірліктер мен құрылымдардың және олардың сөйлеудегі комбинацияларына байланысты туындайтын синонимия мен экспрессивтіліктің сарқылмас қайнар көзі бола отырып сөздің әсерлілік күшін күрт жоғарылататын экспрессивтік коннотацияны іске асырады. Ол көптеген тілдік бірліктер мен құрылымдардың және олардың сөйлеудегі ықтимал комбинацияларына байланысты стилистикалық синонимия мен экспрессивтіліктің көзі болып табылады.

Лингвистикада жиі қолданылатын келесі әмбебап құбылыс – коннотация. Коннотация ұғымының жан-жақты мәнін ескере келіп, Г.В.Колшанский, М.Н.Кожинаның ізімен біз де жұмысымызда осы ұғымды басшылыққа аламыз. Оған коннотация ұғымының мынадай ерекшелігі негіз болады: 1) оның деривативті мүмкіншілігі кең; 2) М.Н.Кожинаның ескертуі бойынша, коннотация термині «стилистикалық мағына», «стилистикалық бояу» ұғымдарына қарағанда жалпы және олардың барлығын жинақтап атайды.

Тілдегі коннотация құбылысын зерттеу тіл туралы ғылымның басым бағыты екені анық. Бұлай деуге М.Н.Кожинаның мына пікірі негіз болады: «Если традиционное – а в общем-то и современное языкознание – было сосредоточено на изучении денотативной (в широком смысле), чисто логико – понятийной сферы языка (правда, с неизбежными, но побочными выходами в область коннотации), то теперь пришла пора специального изучения этой коннотативной сферы повсему «разрезу» языковых уровней» [5]. Демек, тілдегі коннотация құбылысы тек лексикаға қатысты ғана емес, тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде қарастырылуы тиіс маңызды мәселе болып табылады.

Көптеген коннотациялардың мәні коммуникацияның экспрессивті формасынан ажыратылмайды – коннотация тілдегі экспрессиялық нұсқаны жүзеге асырушы құрал болып табылады. Коннотацияның ғылымда белгілі мынадай түрлерін көрсетуге болады: бағалау коннотациясы (тілдік бірліктердің экспрессивті-стилистикалық мағынадағы кең тараған типі және құрылымы); пейоративті (стилистикалық боялған бірліктердің параллель қолданылып, сөйлеудің экспрессивтілігін күшейту және қоюландыру тәсілі арқылы жасалған коннотация); бейнелік коннотация (семантикалық екі қырлы болады, яғни абстракті бейнені сезімдік-көрнекілік фонда көрсету және айқын коннотациялар арқылы нақты-бейнелік, сезімдік көріністерді белгілеу); функционалды коннотациялар (функционалды-стилистикалық коннотациялар, тіл бірліктері мен формаларын белгілі бір қоғамдық-сөйлеу тәжірибесінде қолдану нәтижесінде пайда болады); ұлттық-мәдени коннотациялар (ұлттық өзіндік құбылыстарды, халықтың рухани және материалды өміріндегі құбылыстарды бейнелейді), т.б. түрлері бары белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Балли Ш. Французская стилистика . – М.: Наука, 1961. – 394 с.
- 2 Матезиус В. Язык и стиль // Парижский лингвистический урок. – М.: Прогресс, 1967. – 523 с.
- 3 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. – М.: АН СССР, 1963. – 255 с.
- 4 Винокур Г.О. О задачах истории языка // Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть II . – М.: Высшая школа, 1960. – 281 с.
- 5 Щерба Л.В. О тройном аспекте языка и эксперимента в языкознании // Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть II . – М.: Высшая школа, 1960. – 281с.